




**Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі  
М. Қозыбаев атындағы  
Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті**

**«МАҒЖАН ЖУМАБАЕВ МURASЫ ЖӘНЕ  
ӘЛЕМДІК РЫҺАНИАТ»  
Halyqаралық ғылыми-тәжірибелік конференсия  
MATERIALDARY**



**125 жыл**



**Petropavl, 2018**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

**М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті**

**Мағжан Жұмабаевтың туғанына 125 жыл  
толуына арналған  
«Мағжан Жұмабаев мұрасы және әлемдік руханият»  
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның**

**МАТЕРИАЛДАРЫ**

**(25 маусым, 2018 ж.)**

**МАТЕРИАЛЫ**

**международной научно-практической конференции  
«Наследие Магжана Жумабаева и мировая духовность»,  
посвященной 125-летию со дня рождения  
Магжана Жумабаева**

**(25 июня, 2018 г.)**

**MATERIALS**

**of the international scientific and practical conference  
«Magzhan Zhymabayev's Legacy and Global Spirituality»  
dedicated to the 125<sup>th</sup> anniversary of the birth  
of Maghan Zhymabayev**

**(25 June, 2018)**



**Петропавл, 2018**

эволюциясы: тарихи дәуір және көркемдік таным.....	
<i>Сеңкібаев С.Т., Сеңкібаева Б.С. (Ш.Уәлиханов атындағы КМУ, Кокшетау)</i> Мағжан педагогикасының құндылығы.....	91
<i>Сұлтанова А. (М.Қозыбаев атындағы СҚМУ, Петропавл)</i> Егемен Қазақстан және рухани жаңғыру.....	99
<i>Тайшыбай З.С. (М. Қозыбаев атындағы СҚМУ, Петропавл)</i> Не көрсем де, Алаш үшін көргенім: мағжантанудың кейбір мәселелері.....	102
<i>Тұрысбек Р. (Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана)</i> Ж. Аймауытұлы және М. Жұмабаев: ортақ мұрат, сырлы сипат.....	113
<i>Умерсейтова А.Т., Ақмағамбетова Б.Е. (М. Қозыбаев атындағы СҚМУ, Петропавл)</i> азіргі поэзиядағы тәуелсіздік келбеті.....	117
<i>Хамзина Г.С., Таймуллина К., Құсаинова Г., Кенбаева А. (М.Қозыбаев атындағы СҚМУ, Петропавл)</i> Мағжан Жұмабаев поэзиясындағы «Сағыныш» концептісі.....	122

## II. МАҒЖАН ЖӘНЕ ТҮРКІ ӨЛЕМІ

<i>Шаңбай Т.Қ. (ҚазНГЗУ, Семей)</i> Мағжан философиясы.....	128
<i>Şanbay T.K. (KazYIKU, Semey)</i> Maghjan Felsefesi.....	129
<i>Timur K. (Michigan State University, USA)</i> Maghjan Jumabayev: The Poet of Flame, Liberty, and Love.....	131
<i>Söylemez O. (Kastamonu University, Turkey)</i> «Maghjan'ın «Ben kimim?» şiiri vedüşündürdükleri».....	135
<i>Ötmeroğlu Y. (Avrasya Yazarlar Birliği Vakfı, Turkey)</i> Doğumunun 125. yılında maghjan düşünceleri.....	142
<i>Asker R. (Bakü, Azərbaycan)</i> Türk Dünyasının Ölümsüz Şairi.....	144
<i>Azan C. (Ardagan University, Turkey)</i> Мағжан Жұмабаевтың «Қазақ тілі» өлеңінде ұлттық сана-сезімнің қалыптасуы.....	147
<i>Қарат Ә. (Мимар Синан көркем өнер университеті, Түркия)</i> Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев пен Түркияның Тұңғыш Президенті Мұстафа Кемал Ататүріктің тарихи сананы жаңғыртудағы сабақтастықтары.....	151
<i>Bexultanova L.A. (NKSU named after M. Kozubayev)</i> National spirit of Maghjan's poetry.....	158
<i>Ибраева А.Г., Темірханова Ә.С. (М.Қозыбаев атындағы СҚМУ, Петропавл)</i> М.Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасының тарихи негізі.....	160
<i>Дүкенбаева З.О., Талғатбек М. (Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана)</i> Алаш ардақтысы Мағжан Жұмабаев.....	163
<i>Мұқанов Қ. (Петропавл)</i> Халқын сүйген патриот ақын.....	166
<i>Тұрсын Е., Сейдинбаев Н., Хамзина Г.С. (М.Қозыбаев атындағы СҚМУ, Петропавл)</i> М. Жумабай уулу поэзиясындағы қырғыз-қазақ боордоштуту.....	170

## III. ӨЛЕМДІК ЛИНГВОДИСКУРС ТЕП МАҒЖАНТАНУ ЖӘНЕ ТІЛ БІЛІМІ

<i>Агибаева С.С., Леонтьева А.Ю. (СКГУ им. М.Қозыбаева, Петропавловск)</i> Образ коня в лирической анималистике М.Б. Жумабаева и В.В. Маяковского.....	176
<i>Ғабдулина М.Ғ., Тұрғынбек Н.Н. (М. Қозыбаев атындағы СҚМУ, Петропавл)</i> Көркем шығармадағы антонимдік қатынастар.....	181
<i>Есембеков Т.У. (Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы)</i> М.Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсі» әңгімесінің мифопоэтикалық астары.....	185

## М. ЖҰМАБАЕВТЫҢ «ШОЛПАННЫҢ КҮНӘСІ» ӘҢГІМЕСІНІҢ МИФОПОЭТИКАЛЫҚ АСТАРЫ

Есембеков Т.У.

(ал-Фараби атындағы ҚазҰУ)

Көркем шығармадағы образ – адам санасының болмысты игеруінің нәтижесі. Ал өнер мен әдебиеттегі әмбебап мағына мен мәнге ие болатын бейнелер, персонаждар, бернелер мен архетиптер төңірегінде талас көп. Әдеби кеңістікте өмір сүріп жатқан әркімнің бейнелердің қауымдық қимыл - қозғалыстары, этникалық ой-қиялы, қоғамдық арманы мен мақсаты, тұлғалық ықпалы мен ынтасы, әлеуметтік іс-әрекеттері, олардан туындайтын оқиғалардың, тартыстардың, мотивтердің бәрі көркем әлем үшін тек «шикізаттар» ғана болып табылады деген пікірді қолдаушылар аз емес. Көркем әлемді шынайы сезініп, терең түсіну үшін бұларды өзара не байланыстырып тұратынын біту аса маңызды екен. Осы негіздерді біріктіріп тұрған түпкі ойды, тұтақ құрылымды, авторлық ниет пен құлшынысты, ерік пен жігерді түйсінген адам үшін мәтіндегі фабула мен сюжет енді іс-әрекеттердің жай жылытығы ғана емес, туындаудағы көркем реалдылықты құрайтын бас-аяғы айқын әдеби әлемге айналады-мыс. Мұндай болмыс көбінесе фантастикалық, кейде қадімгі шынайы өмірге ұқсас болуы әбден мүмкін. Бұған мәтінде бейнеленген құбылыстарға деген автордың өмілдік шешімі мен бағасы қосылған соң мазмұн мен пішін одан әрі күрделене түседі.

Күнделікті тұрмыстағы құбылыстар мен көріністер бейнеленген әдеби шығарманың кейде мифологиялық сипатқа ие болатынына жауап табу оңай емес. Көркем мәтінде бейнеленген күнделікті болатын қаршығым оқиғалардың әмбебап мағына тудыратын қасиетін ғалымда «мифологиялық» деп атау қалыптасқан. «Фабулалық-мифологиялық дуализм» деп аталатын үрдіс жалпы әдебиетке тән ортақ сипат, бірақ қаламгерлердің дені өз шығармасында мифопоэтика мен мифологияға жүгіне бермейді, оларды басты мақсаты етіп қоймайтынша себебі көп. Біреулері көркемдік жинақтаудың басқа түрлері мен деңгейлеріне жүгінуге ерікті. XIX ғасырдың соңында «миф» ұғымына деген бұрынғы дәстүрлі көзқарас түбегейлі өзгерген болатын. Осы тұста мифті ойдан шығарылған бос қиял деп санағандар күрт азайды, өйткені мифтің нақты болмыспен ешбір байланысы жоқ деген аяқталушылық көзқарас сынға ұшырай бастаған еді. И. Гердердің алғашқы адамдардың символ, метафора, аллегориялық образдармен ойлағаны, яғни сөз өнерінің бастауында мифологиялық ойлауға тәуелді үдеріс жатқаны туралы гипотезасы алғашқы кезде кең қолдануға ие болған еді. Олар бір кездегі өте жоғары поэтикалық қуаты бар қиелі ұғымдардың тұрмыстық қолданыста бірте бірте қарабайыр сөздерге айналу үрдісінің себептеріне үңілді. Гердердің өзі бір кездегі «мифологиялық» ойлауға негізделген тілден қазіргі күнделікті өмірдегі тілге дейінгі созылған ұзақ жолды адамзат ойының кері кетушілігінің басы деп есептеген. Сондықтан поэзияны атавизмнің бір көрінісі деп санаған атаалмыш зерттеушінің өз уәжі бар. Сол себепті шабыт, құлшыныс, құштарлық күйіне енген суреткердің ойы мен бойында бұрынғы жабайы ата тегінің небір дәкір көріністері, анайы қасиеттері мен тағылық мінез-құлқы оянады- деген ғалым пікіріне қосылу қиындау.

Мифті жан-жақты зерттеген және оның феномені туралы жаңа көзқарас ұсынған ғалымның бірі - А.Лосев еді. Ол алдымен мифтік сананың табиғатын терең қарастырып, оның адами танымның дамуы мен болмыстың диалектикасын тану үшін аса қажетті

дамыта, құбылта отырып құрастыруға тырысады. Әр әдеби туындының өз мифопоэтикалық «шындығы» бар, бірақ ол өзіне дейінгі көркем шындықтарды жоққа шығармайды, өйткені кез-келген көркем шындықты дәлелдеудің қажеттілігі шамалы. Оған қоса әдеби шығармадағы «өтірікті» де ақтап алудың қисыны аздау. Мұндайда фабулалық мифопоэтикалық материалдың өмірдің объективті бейнесін әрдайым бере алмайтынын есте ұстаған орынды.

Ю.Лотманнның әдебиетті «екінші жүйе» дегеніне сүйенсек, онда көркем мәтінді «үшінші жүйе» деп атауға тура келеді, яғни бұл модель - элементтерінің өзара тығыз байланыстылығымен ерекшеленеді, онда мифопоэтикалық қызмет ерекше бағаланады.

Әдеби шығарманың мифопоэтикалық құрылымын талдау үшін алдымен ондағы мифтік негіздерді анықтап алу қажет, яғни мәтіннің мифтік композициясының сипаты айқындалады. Әдебиеттің мифпен байланысының өте күрделілігі өз алдына, әдеби дамудың әр кезеңінде оның мифопоэтикаға деген ынта-ықыласы да өзгеріп отырғанын естен шығармаған абзал. Көркем мәтінді талқылауда мифтік образдар мен сарындарға жете көңіл бөлудің берері көп. Олимптегі құдайлар мен әжесінің шешімдерін мойындамаған Венера мен жаратқанның, табиғаттың, діннің заңдылықтарын мәңсұқтаған, ұлттық құндылықтар мен дәстүрді елеметен Шолпан арасындағы байланыстар аз емес. Қазіргі кездегі әдеби-сынни дискурста да мифтің ықпалы бар екендігін ескерген орындам. «Шолпанның күнәсі» XX ғасыр басында қазақ прозасын жаңа көркемдік, идеялық деңгейге көтерді. М. Жұмабаев ұлттық ақындық прозаның негізін қалады, өрнекті прозаны орнықтыруға ден қойды. Психоанализ үлгілерін көрсетті. Есқалыңдық, ессіздік, бейсаналылық, мифологема, арханкалық модельдер сияқты сол кезең үшін жаңа ұғымдар арқылы мифопоэтикалық күрделі мазмұн мен терең мағыналар тудырудың жолдарын көрсетіп берді

#### Әдебиет:

1. Лосев А. Ф. Диалектика мифа. - М., 1990
2. Levi-Strauss C. The Savag Mind. - L. 1974
3. Barthes R. Image - Music - Text. - L. 1977
4. Lakoff G. Johnson M. Metaphors We Live By. - Chicago. 1980.
5. Лихачев Д.С. Поэтика древнерусской литературы. - М. - 1994.
6. Жұмабаев М. Шолпанның күнәсі // Шығармалар. 2. 3-с. - Алматы, 1996.

ӘӘЖ 004.81:159.9

## М.ЖУМАБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ «ӨМІР» КОНЦЕПТТІЛІК ҚҰРЫЛЫМЫНДАҒЫ АВТОРЛЫҚ МЕТАФОРАЛАР

Есматова М.Т.

(М.Қозыбаев атындағы СҚМУ, Петропавл)

Абраимова Ә.Г.

(М.Қозыбаев атындағы СҚМУ физ-м-17 тобының  
I-курс магистранты)

Қазақ поэзиясында лирикалық сыршылдықтың шыңына лайық, поэмаларында суреткерлік ойшылдығы қат-қабат келіп жататын өлең өлкесінде өшпес мұра қалдырған ұлы ақын - Мағжан Жұмабаев. Ол өз жерін де, өз тегін де мадақтаумен өткен, өмірдегі азаматтық орнын ақтауға ұмтылған, асыл маржынға теңелген сұлу